

**ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің
«Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК**

**Тәрбиелеу-білім беру процесінің циклограммасы
«Ақбота» кіші тобы**

**Тәрбиешілер: А.А. Ерменова
Ж.Б. Кәмалова**

2025-2026 жж

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 1-апта

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Ақбота» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 01.09-05.09.2025 жыл

Тәрбиешілер: Ж.Б Кәмалова

А.А Ерменова

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.

Апта дәйек сөзі: «Менің нәтижем менің жетістігім» топта қарапайым істерді орындауға көмектесу. Өзіне-өзі қызмет көрсету. (Ата-аналарға ақпараттық стент көрсету)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 01.09.2025ж Демалыс	Сейсенбі 02.09.2025 ж	Сәрсенбі 03.09.2025ж	Бейсенбі 04.09.2025ж	Жұма 05.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы қауіпсіздік шаралары Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу <i>Күй күмбірі Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i>				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру; ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру <i>«Өнегелі 15 минут» ата-аналармен баласы туралы әңгімелесу Адал азамат біртұтас тәрбие</i>				

	бағдарламасы Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді. Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз. Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі).				
Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды , үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Тәрбиеші бір баланы «сатушы», қалғандарын «сатып алушы» қылып тағайындайды. Балаларға қолдарына бір-екі «ақша» беріледі. Балалар сөреге келіп, ұнаған затын көрсетеді. Сатушы «ақша бер» дейді, бала ойыншық ақшаны береді де затын алады. Барлық бала кезекпен «сатып алу» ойнайды. тәрбиеші балаларға: «Ақша берсең, зат аласың» «Ақша болмаса, ала алмайсың» дегенді қарапайым сөзбен түсіндіреді	Тәрбиеші бірнеше ойыншықты ортаға қояды. Бір ойыншықты көтеріп: «Бұл кімнің ойыншығы?» – деп сұрайды. Баланың иесі қол көтеріп немесе шығып алады. Тәрбиеші: «Дұрыс, бұл (Аружанның) ойыншығы. Оған рұқсатсыз алуға болмайды» – деп түсіндіреді. Балалар кезекпен ойыншықтарды атайды, иесін табады. Соңында тәрбиеші «Ал бәріміздікі не?» деп сұрап, топтағы ортақ ойыншықтарды көрсетеді (қуыршақ үйі, конструктор, доп т.б.). Құқықтық	Қоршаған әлеммен таныстыру – Көкөніс атауларын айту (қияр, қызанақ)	Тәрбиеші балаларды шеңберге отырғызады. Қолына бір ойыншық алып, «Бұл не?» деп сұрайды. Бала дұрыс айтса – «Жарайсың, сен адал айттың!» деп мақтайды. Кейде әдейі шатастырып көрсетеді (мысалы, кітапты көрсетіп «Бұл доп па?» деп сұрайды). Балалар «Жоқ, бұл кітап!» деп түзетуі керек. Тәрбиеші: «Шындықты айтсақ – біз адал боламыз» деп қорытындылайды Адалдық әліппесі Түйілген орамал Ойын жүргізуші ойынды өзі бастайды. Ең алдымен балаларды айналасына жинап

		Қаржылық сауаттылық Қоршаған әлеммен таныстыру: Топтағы достардың есімдерін атап үйрену.	сауаттылық Қыз –қуу Балалар арасынан бір ер бала, бір қызды (ағаш атпен) қуады. Бала қызға жетіп қолынан ұстаса ол жеңіске жеткені. Кейде қызды 2 бала да қуады, қай бала бұрын жетіп қыз қолын ұстаса сол бала жеңіске жетеді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	алады да «1,2,3» - деп дауыстайды. Осы кезде балалар жан-жаққа бытырай қашады. Ал ойын жүргізушісі қолында түйілген орамалы бар баланы қуалайды. Ол орамалды басқа біреуге лақтырады қағып алған бала қаша жөнеледі. Осылайша ойын жүргізіледі, түйулі орамалды алғанша қуалай береді. Ұсталған ойыншы көпшілік ұйғарымымен ортада тұрып өнер көрсетеді. Одан кейін ойын жүргізуші ауыстырылады. Ойын ойнап болған соң балалар шеңбер жасап тұралы. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
--	--	--	--	---

Ертеңгілік жаттығу	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату <i>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i> Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы қауіпсіздік шаралары Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі», Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы №1 кешен 1. «Тартыламыз» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында Орындалуы: қолды жоғары көтеру, түсіру. Қайталануы: 4 рет 2. «Иілеміз» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, қолды еденге тигізу, тіктелу Қайталануы: 4-5 рет 3. «Секір» ойыны: Б.қ.: еркін тұру Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Бата беру <i>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы.</i> Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» , Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру. Қауіпсіздік шаралары <i>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы</i> Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Дене тәрбиесі «Кішкентай жүгіргіштер» ЖДЖ: қолды алға, жоғары көтеру, саусақтарын ашып-жұму. – Негізгі қимылдар: жүгіру, еңіс тақтаймен еңбектеу. – Ұлттық ойын: «Қуыр-қуыр қуырмаш» (саусақ ойыны). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: жуынғанда киімді суламау. – Спорттық жаттығу: велосипедпен рөлді ұстап көру.	Дене тәрбиесі «Доппен ойнаймыз» – ЖДЖ: қолды бүгіп-жазу, шапалақтау. – Негізгі қимылдар: допты домалату (төменнен, жоғарыдан). – Ұлттық ойын: «Соқыр теке» (жеңілдетілген нұсқа, бір бала көзін жұмып, қолымен ұстап табады). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киімін жинау. – Спорттық жаттығу: велосипедке өздігінен отыруға үйрету.	
		«Біздің топ» Тіл дамыту және көркем әдебиет Топтағы ойыншықтарды атау (қуыршақ,	«Біздің тәрбиеші» Тіл дамыту және көркем әдебиет – Киім сөздері: көйлек, аяқкиім, бас киім. «Киінді – шешінді»	«Асхана» Тіл дамыту және көркем әдебиет – Ыдыс атаулары: қасық, кесе, тарелка. «Құю-жуу» етістіктерін қолдану «Асханада» шағын өлең	«Ойын алаңы». Тіл дамыту және көркем әдебиет – Көлік құралдары: машина, автобус, пойыз. «Жүру-тоқтау»

		доп, машина). «Бұл не?» сұрағына жауап беруді үйрету. «Менің ойыншығым» қысқа өлеңін тыңдап, қуыршаққа жанашырлық білдіру. Сенсори ка: Үлкен және кішкентай ойыншықтарды салыстыру. Құрастыру: Тек шеден үйшік жасау («Ойыншықтар үйінде тұрады»)	қарама-қарсы әрекеттерін үйрету «Тәрбиеші апай» туралы шағын тақпақ тыңдау Сенсорика – Киімдердің түстерін ажырату (қызыл көйлек – көк көйлек) Құрастыру – Текшеден орындық жасау	тыңдау Сенсорика – Үлкен тарелка – кішкентай тарелканы салыстыру Құрастыру – Конструктордан үстел жасау	қарама-қарсы әрекеттерін айту «Машина» тақпағын тыңдау, қол қимылымен қайталау Сенсорика – Қызыл және көк түсті машиналарды ажырату Құрастыру – Конструктордан жол салу Қоршаған әлеммен таныстыру – Достарымен бірге ойнауды үйрену «Қол ұстасу, көмектесу» Сурет салу – Жол сызығын салу (түзу сызықтар) Мүсіндеу – Ермексаздан көлік жасау Жапсыру – Фланелеграфқа көлік суреттерін орналастыру
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы аспен таныстыру. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі				

	қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы, қауіпсіздік шаралары	
Серуен	№ 1 Жаңбырды бақылау. Мақсаты: Жаңбырды бақылай отырып , оның бұлттан жауатындығы және түрлерін айтып түсіндіру.Мысалы;Жай жаңбыр, өткінші жаңбыр, нөсер жаңбыр. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту. Мақсаты: Балаларды еңбек сүйгіштікке тәрбиелеу, өздеріне берілген тапсырманы тиянақты орындауын қадағалау Жеке жұмыс: Ал керемет бұл қандай? Төгіледі төбеден. Көк теңізден құйғандай Көл-көсір су не деген? (Жаңбыр) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың есте сақтау қабілеттерін арттыру, сөздік қорларын дамыту, сөзді мәнерлі айтуға дағдыландыру. Ойын: « Айгөлек-ау айгөлек » . Мақсаты: Балаларды ептілікке, шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Сұр қоян » . Ойын барысы: Ойыншылардың біреуі қоян болады.Барлық қалған балалар дөңгеленіп тұрады.Қоян дөңгелектің ортасынан орын алады.Балалар тәрбиешімен бірге мынадай өлең айтады: Бармақ болып тоғайға сұр көжек, Жуынып жатыр бүгжеңдеп: Тұмсығын жуды, Құйрығын жуды, Құлағына жуды-түртінді,	№ 2 Бұлтты бақылау. Мақсаты: Бұлттың түзілуі және олардың түрлерін шарпы, будақ,қабатты бұлттарды ажырату Еңбек :Ауладағы гүлдерді суару. Мақсаты: Балаларды қоршаған әлемге қамқорлықпен қарауға, табиғат әсемдігін сезіне білуге тәрбелеу. Жеке жұмыс: Аспанға ұшар бу болып Жерге қайтар су болып. (Бұлт) Мақсаты: Жұмбақ жаттата отырып, балалардың тіл байлығын байыту, дыбыстардың дұрыс айтуын қадағалау.Ойлау қабілетін арттыру. Ойын: « Кімге қандай құрал керек? » Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату.Шапшаңдыққа баулу. Қимылдық ойын: « Соқыр теке » . Ойын барысы: Соқыртеке кең бөлмеде , аулада ойнауға болатын қызықты ойын.Шеңбер сызылып , оның ортасына көзі байланған « соқыртеке » жіберіледі.Қалғандары оны « соқыртеке бақ-бақ » , - деп мазақтап түртіп қашады.Бірақ олар шеңберден шығып кетпеуі тиіс.Егер соқыртеке ойыншылардың бірін ұстап алса, даусына қарап оның атын айтады.Дәл тапса ұсталған адамның көзі байланып « соқыртеке » болады.Ойыншылардың көзі байлаулы адамды әдейі сөзбен жетектеп отырып, алдап , шұңқырға , бағанаға қарай бағыттады.Бұл ойынды көңілді, күлкілі етеді. Дербес ойындар: 1.Өткіншек тебу.

	Күп-күрғақ боп сүртінді. Қоян өзіне байланысты қимылдардың бәрін жасайды:тұмсығын, құйрығын , құлағын жуады, бәрін сүртеді.Қос аяқтап кіріп, дөңгеленіп тұрғандардың біреуіне жақындай береді(қонаққа келе жатыр). Ол бала қоянмен ауысқанда ойын аяқталады. Балалардың өз бетімен ойнауы: 1.Сазбалшықтан « қала » құрастырайық. 2. « Тәтті тоқаштар » пісірейік .	2. Тартылғышқа тартылу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Бата беру <i>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы)</i> Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну», «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі	

	және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту(тазалыққа баулу). «Үнемді тұтыну», Адал азамат біртұта тәрбие бағдарламасы				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру.Бата беру. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті		Сюжеттік-рөлдік ойын «Балабақша» Мақсаты: Балалардың балабақша және оның қызметкерлері туралы түсініктерін кеңейту. Үлкендерге еліктеу сезімін қалыптастыру. Ойын барысында достық қарым-қатынастарды дамыту. Сурет салу: Түрлі түсті қарындашпен тік және көлденең	Қоршаған әлеммен таныстыру – Тәрбиешінің не істейтінін айту «Апай көмектеседі» Сурет салу – Дөңгелек сызықтар салу (көйлектегі өрнек) Мүсіндеу – Ермексаздан алма жасау Жапсыру – Фланелеграфқа көйлек пен аяқкиімнің суреттерін орналастыру. Зерттеу: «Жапырақтар қандай?» Мақсаты: Табиғаттағы жапырақтардың ерекшелігін байқау.	Сақина салу. Балалар шеңбер жасап отырады. Бір бала «жүргізуші» болады, қолында сақина ұстайды. Жүргізуші сақинаны бір баланың алақанына білдіртпей салады.«Сақина кімде?» деп сұрайды. Балалар ішінен табуға тырысады, сақина шыққан бала келесі жүргізуші болады. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» (Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы) Сурет салу – Дөңгелек сызық салу «Кесе» Мүсіндеу – Ермексаздан алмұрт жасау	Қоршаған әлеммен таныстыру – Достарымен бірге ойнауды үйрену «Қол ұстасу, көмектесу» Сурет салу – Жол сызығын салу (түзу сызықтар) Мүсіндеу – Ермексаздан көлік жасау Жапсыру – Фланелеграфқа көлік суреттерін орналастыру

		сызықтар салу («Ойыншық сөресі»).	Мүсіндеу: Ермек саздан кішкентай доп жасау.	Жапсыру: Флан елеграфқа қуыршақ пен допты орналастыру	
				Құралдар: Өртүрлі жапырақтар. Әрекет барысы: 1. Жапырақтарды қарау. 2. Түсі мен пішінін салыстыру. 3. Қолмен ұстап көру. 4. Айырмашылығын айту. Қорытынды: Жапырақтар әртүрлі болады.	Жапсыру – Фланелеграфқа қасық пен тарелка суреттерін орналастыру
Балалармен жеке жұмыс		Шағын тақпақтарды қайталап айтқызу	Тұрғызылған қарапайым құрылыстарды айтқызу және ойыншықтарды қолдана отырып, олармен ойнату.	Көлемі, пішіні, түсі бойынша ұқсас біртекті заттарды салыстырады.	Қарапайым сөз тіркестерін (2-4 сөз) қайталап айтқызу
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға үйрету Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен		№ 1 Жаңбырды бақылау. «Көбелектер мен гүлдер» Мақсаты: Балалардың қимыл-	№ 1 Жаңбырды бақылау. «Аңдарды табу» Мақсаты: Қимыл жылдамдығын, ептілікті дамыту.	№ 2 Бұлтты бақылау. «Тордан қашу» Мақсаты: Жүгіру, секіру дағдыларын жетілдіру. Шарты: Бір бала «қасқыр», қалғандары	№ 2 Бұлтты бақылау. «Жел мен жапырақтар» Мақсаты: Табиғи құбылыстарды қимыл арқылы бейнелеу.

		қозғалыс үйлесімділігін, қиялын дамыту. Шарты: Бірнеше бала «гүл» болып, қолдарын жоғары көтеріп, қозғалмай тұрады. Қалғандары – «көбелектер» болып, алаңда еркін ұшып жүреді. Тәрбиеші белгі бергенде көбелектер гүлдерге қонады.	Шарты: Тәрбиеші алаңда әртүрлі ойыншық аңдарды жасырады. Балалар белгі бойынша жүгіріп, аңдарды тауып, арнайы себетке салады.	«қоян». «Қояндар» белгіленген алаңнан шығып кетпеуі керек, «қасқыр» оларды ұстауға тырысады.	Шарты: «Жел» рөліндегі бала қалған «жапырақтарды» қуып жүреді. Жел соққанда жапырақтар жан-жаққа қашады, жел басылғанда тоқтайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). Үйге келген соң, «Сағындым» деп құшақтаңыз, ол өзін маңызды сезінеді. Бүгінгі күнінен бір қызық нәрсені сұрап, бірге әңгімелесіңіз. Кешке қысқа серуен жасаңыз — ұйқысы жақсы болады. Ойыншығын бірге жинап қою — ұқыптылыққа үйретеді.				

Мексегі: Фердаулетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2-апта

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Ақбота» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 08.09-12.09.2025 жыл

Тәрбиешілер: Ж.Б Кәмалова

А.А Ерменова

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.

Апта дәйек сөзі: Еңбек ептілікті сүйеді. Үйде қарапайым істерді орындауға көмектесу, үй жануарларына, үй өсімдіктеріне күтім жасау.
(үйде ата-анасына көмектескен видео роликтер)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 08.09.2025 ж	Сейсенбі 09.09.2025 ж	Сәрсенбі 10.09.2025ж	Бейсенбі 11.09.2025ж	Жұма 12.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (құрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу « Күй күмбірі » Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі). Баланы асықтырмай, сабырмен киіндіріңіз. Балаңызға күлімсіреп, «сен мықтысың» деп айтыңыз. Балаңызға бақшада жақсы уақыт өткізетініне сенімді екеніңізді айтыңыз. Кішкентай тапсырма беріп, орындағанын мақтаңыз.				

Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды , үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы «Гүлді суарамыз» Балаларға «гүл де біз сияқты су ішкісі келеді» деп түсіндіреді. Балалар гүлді су құйып «қуантып» шығады «Қарандаршы, гүлдер қалай шаттанды! Біз оларға көмектестік!» деп мақтайды. Экологиялық тәрбие	«Жапырақты ұстайық» —Құрғақ жапырақ пен жасыл жаңа жапырақты ұстап сезіну. Сенсорика	«Дыбыс шығады» – Сылдырмақ, қоңырау, барабан сияқты дыбыстарды тыңдату. Музыка	«Жылы ма, салқын ба?» – Суық су мен жылы суды сездірту. Қоршаған әлеммен таныстыру	«Үлкен – кішкентай» – Үлкен доп пен кішкентай допты салыстыру Сенсорика
---	---	---	---	---	--

Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Қауіпсіздік шаралары Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы №2 кешен 1. «Күн» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: қолды жоғары көтеру, тартылу, қолды түсіру. Қайталануы: 4 рет. 2. «Тук-тук» ойыны: Б.қ.: аяқ иық деңгейінен алшақ, қол төменде Орындалуы: алға иілу, алақандарымен тізелерін соғу. Қайталануы: 4-5 рет. 3. «Жасырынбақ» ойыны: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол төменде Орындалуы: жүрелеп отыру – «балалар тығылды», алақандарды тізеге қою. Қайталануы: 4-5 рет.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Бата беру. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» «Қауіпсіздік шаралары» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы

Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі «Жолақпен жүрейік» – ЖДЖ: қолды жанға жазу, саусақ жаттығулары. – Негізгі қимылдар: орындық үстімен жүру, шеңбер бойымен жүру. – Ұлттық ойын: «Орамал тастау» (бір бала жүгіріп, орамалды қасына тастайды). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: ілгектерді ашып-жабу. – Спорттық жаттығу: велосипедті ересекпен айдау. Музыка «Қошақаным» Музыка тыңдау: Баяу, нәзік әуен. Ән айту: Халық әні «Қошақаным» (жеңіл қайталанатын сөздер). Қимыл: Қошақан сияқты қолдарын қимылдату, секіріп көру. Ұлттық құндылық: Мал шаруашылығы –		Дене тәрбиесі «Жүгіреміз, секіреміз» – ЖДЖ: тізені бүгу-жазу, қолды көтеру. – Негізгі қимылдар: жүгіру, екі аяқтап секіру. – Ұлттық ойын: «Хан талапай» (жеңілдетілген нұсқасы, асық орнына шарик). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: үстел басында дұрыс отыру. – Спорттық жаттығу: велосипедпен өздігінен жүруге жаттықтыру.	Дене тәрбиесі «Еңбектеп өтейік» – ЖДЖ: қолды айқастыру, шапалақтау. – Негізгі қимылдар: еңіс тақтай үстімен еңбектеу, жолақ бойымен жүру. – Ұлттық ойын: «Қуырмаш» (саусақ ойыны). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киімін ұқыпты жинау. – Спорттық жаттығу: велосипедке отырғызу, түсу.	
---	--	--	--	---	--

	қазақтың байлығы екенін айту, қойдың суретін көрсету.				
	Дос деген кім?» Тіл дамыту және көркем әдебиет «Дос» сөзін таныстыру, балалардың есімдерін атап үйрену «Досым бар» қысқа тақпақ тыңда Сенсорика Балалардың суреттерін үлкен-кіші болып салыстыру Құрастыру Текшеден «дос үйшігі» құрастыру	«Досыммен ойнаймын» Тіл дамыту және көркем әдебиет «Ойнады – күледі» етістіктерін қолдану «Екі дос» әңгімесін тыңдау Сенсорика Бірдей түсті ойыншықтарды жұптау Құрастыру – Конструктордан бірге құрастыру «Достардың ойыны»	«Досыммен бөлісемін». Тіл дамыту және көркем әдебиет «Берді – алды» қарама-қарсы әрекеттерін үйрету– «Досымен бөліскен бала» шағын әңгіме Сенсорика – Үлкен доп – кіші допты салыстыру Құрастыру – Текшеден үстел құрастыру «Бөлісетін үстел» Қоршаған әлеммен таныстыру – Бір ойыншықты кезектесіп ойнау	Тіл дамыту және көркем әдебиет «Жүру – тоқтау» әрекеттерін атау «Достар саябақта» өлеңін тыңдау Сенсорика Қызыл жасыл түсті ойыншықтарды ажырату Құрастыру Конструктордан жол жасау Қоршаған әлеммен таныстыру – Серуенде бір-бірінің қолынан ұстап жүру	«Досыма көмектесемін» Тіл дамыту және көркем әдебиет «Көмектесу» сөзін үйрету «Досына көмектескен бала» әңгімесі Сенсорика Бірдей ойыншықтарды табу «Кімге көмек керек?» Құрастыру Текшеден орындық жасау «Досқа орын дайындау» Қоршаған әлеммен таныстыру Досының киімін киюіне көмектесу
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы аспен таныстыру. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту				

	Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру «Қауіпсіздік шаралары» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	
Серуен	Серуен № 3 Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. Мақсаты: Күзде тырналардың жылы жаққа кететіндігін, қыс мезгілінде тамақтың тапшылығы, аяздың қаттылығы оларға қиынға соғатындығын түсіндіру. Еңбек : Құстарға жем сауыт жасау. Мақсаты: Құстарға қамқорлық қарауға , аяушылық сезімдерін оятуға тәрбиелеу. Жеке жұмыс: Сап-сары боп келе жатқан , Сезді мекен күзді олар . Қарлығаштар ұшып кетті, Ұшып кетті тырналар. Мақсаты: Балалардың сөздік қорларын молайтып , тілдің грамматикасы дұрыс сақтау дағдысын қалыптастыру. Дидактикалық ойын: « Күзде не киеміз? » Мақсаты: Күз мезгіліне байланысты адамдардың киімкію үлгісін көрсете түсіндіру. Қимылдық ойын: «Жел мен жапырақтар» Мақсаты: Табиғи құбылыстарды қимыл арқылы бейнелеу. Шарты: «Жел» рөліндегі бала қалған «жапырақтарды» қуып жүреді. Жел соққанда жапырақтар жан-жаққа қашады, жел басылғанда тоқтайды.	Серуен № 4 Желді бақылау. Мақсаты: Желдің түрлерімен таныстыру; салқын жел, жылы жел, ұйытқып соққан жел. Желдің күштілігі ауа-райының салқындығын үдететіндігін түсіндіру . Еңбек : « Әдемі гүлдер » Мақсаты: Гүлзардағы гүлдерді суару. Өсімдіктерге қамқор болу, аялау, күту. Жеке жұмыс: Такпақ. « Жел » Мақсаты: Балаларға жел туралы өлең жаттату арқылы тілдегі дауыс ырғағының мәнерлілігін сезіне білуге мүмкіндік туғызу. Жел улейді у-у-у. Құйын келіп билейді зу-зу-зу Қатты-қатты жел соқтыгу-гу-гу, Жапырақтар қол соқты ду-ду-ду. Қимылдық ойын: « Айгөлек-ау, айгөлек » Мақсаты: Қандай жағдайда әр нәрсенің қажеттілігін білу мақсатында ойнату. Шапшаңдыққа баулу. Дербес ойындар: 1. « Желмен жарысайық » 2. « Менің әдемі үйім » (құрастыру)
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін	

	үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану: <i>Салқын суды сүйеміз</i> <i>Шымыр болар денеміз</i> <i>Сумен күнде жуынып</i> <i>Ұзақ өмір сүреміз</i> Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Бата беру. Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. «Қауіпсіздік шаралары» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)
Біртіндеп ұйқыдан ояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту (тазалыққа баулу). «Үнемді тұтыну», Адал азамат біртұта тәрбие бағдарламасы
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Бата беру Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға

	табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» , Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Қоршаған әлеммен таныстыру «Дос көмектеседі» түсінігін қалыптастыру Сурет салу Дөңгелек сызықтар салу «Достардың басы» Мүсіндеу – Ермексازдан «кіші достар» жасау Жапсыру – Фланелеграфқа балалардың суреттерін орналастыру Қой көтеру Бұл ойында балалар ойыншық қойды отырып тұрып көтереді. Кім көп көтереді сол жеңіске жетеді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы	Қоршаған әлеммен таныстыру Бірге ойнау ережесін үйрету Сурет салу Қарапайым сызықтар салу «Ойын алаңы» Мүсіндеу. Ермексازдан шағын ойыншық жасау Жапсыру Фланелеграфқа қуыршақтар суретін қою	Сурет салу Жол сызықтарын салу «Достарға барар жол» Мүсіндеу Ермексازдан жеміс жасап досына ұсыну Жапсыру – Фланелеграфқа ойыншықтар суретін кезекпен қою. Зерттеу: «Иіс сезу» Мақсаты: Иістерді ажырату қабілетін дамыту. Құралдар: Жемістер (алма, апельсин), иісті заттар. Әрекет барысы: 1.Балалардың көзін жұмдыру. 2.Иісті иіскету. 3.«Бұл не?» деп сұрау. 4.Дұрыс жауабын көрсету. Қорытынды: Әр заттың өзіне тән иісі болады.	Сурет салу Толқынды сызықтар салу «Жолдағы із» Мүсіндеу Ермексازдан гүл жасап досына сыйлау Жапсыру Фланелеграфқа ағаш пен гүл суреттерін қою. Күш сынаспақ Бұл ойын стол үстінде екі баланың білек сынасуымен орындалады.2 бала шынтактарын столға тірек қол бастарын айқстырады.Кім білекті столға жықса сол бала жеңіске жетеді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Сюжеттік-рөлдік ойын: «Отбасы» Мақсаты: Балалардың отбасы және отбасы мүшелерінің міндеттері туралы түсініктерін қалыптастыру. Ойынға	Сурет салу Тік және көлденең сызықтар салу «Достардың үйі» Мүсіндеу Ермексازдан шағын нан жасап досына ұсыну Жапсыру Фланелеграфқа балалардың бірге ойнаған суреттерін орналастыру. Арқан тарту. Бұл екі топқа бөлінген балалармен немесе екі баламен ойналады.Арқанның екі жағынан екі бала немесе екі топқа бөлінген балалар тартысады Қай топ арқанды өз жағына тартып,алып, кесе сол топ жеңіске жетеді. Екі бала тартысқанда қай бала өзіне қарай арқанды тартып екіші баланы құлатса құламаған бала

				деген қызығушылығын тудыру. Балаларды рөлдерді бөліп алуға, өзіне тиесілі рөлді дұрыс сомдауға және оқиға желісін одан ары өрбітуге дағдыландыру. Балалардың бойында шығармашылықты дамыту. Отбасы мүшелері мен олардың еңбегін бағалауға және сүйюге тәрбиелеу.	жеңіске жетеді. «Ұлттық ойын – ұлт қазынасы» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Балалармен жеке жұмыс	Суретке сәйкес келетін ойыншықтарды тауып көрсету.	Екі, үш сөзден сөйлем айтып үйрету.	Төрт түсті ажыратуға ойындар ойнату	Табиғат құбылыстарына қызығушылықтарын таныту:	Дыбыстық тіркестермен сөздерді еліктей отырып айтады.
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (сөйлеуді дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру. Қауіпсіздік шаралары Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Серуен	Серуен №3 Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. «Өзеннен өту» Мақсаты: Тепе-теңдікті сақтау дағдысын дамыту.	Серуен №3 Жылы жаққа қайтқан тырналарды бақылау. «Бау-бақшадағы еңбек»	Серуен № 4 Желді бақылау «Ұшатын шарлар» Мақсаты: Қол-аяқ үйлесімділігін дамыту. Шарты: Әр балаға шар беріледі. Шарды	Серуен № 4 Желді бақылау «Үйшігіңе жет» Мақсаты: Жылдам реакцияны қалыптастыру. Шарты: Балалар алаңда еркін жүреді, тәрбиеші	Серуен № 4 Желді бақылау «Құмырсқалар» Мақсаты: Ұжымдық әрекетті қалыптастыру. Шарты: Балалар «құмырсқа» болып, үлкен «дәнді» (доп)

	Шарты: Жіп немесе бор сызығы арқылы «көпір» белгіленеді. Балалар кезекпен көпірден құламай өтеді.	Мақсаты: Қимыл белсенділігін арттыру, еңбек дағдыларын ойынмен қалыптастыру. Шарты: Балалар ойыншық тырма, күрекпен «жер қазады», «гүл отырғызады».	жерге түсірмей, қолмен немесе аяқпен соғып жүреді.	«жаңбыр» десе, әр бала белгіленген «үйшікке» (дөңгелек, шеңбер) жүгіріп жетеді.	командалық күшпен белгіленген жерге жеткізеді.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту). «Өнегелі 15 минут» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Балаға жылы сөз айтыңыз, құшақтап, «Жақсы күн тілеймін» деп шығарып салыңыз. Көңілді ән тыңдатып немесе ойнақ. 3 сөзбен күліп оянуына көмектесіңіз. Бірге ертегі оқып немесе шағын әңгімелесіп, күнін қорытындылаңыз. «Бүгін сенің ең жақсы істеген ісің не?» деп сұраңыз.				

Мексесі: Фердаулетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 3-апта

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Ақбота» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 15.09-19.10.2025жыл

Тәрбиешілер: Ж.Б Кәмалова

А.А Ерменова

Құндылық: Еңбекқорлық және кәсіби біліктілік.

Апта дәйек сөзі: «Ақырын жүріп анық бас, еңбегің кетпес далаға!» Абай Құнанбайұлы. (өлең жолдары арқылы түсіндіру)

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 15.09.2025 ж	Сейсенбі 16.09.2025 ж	Сәрсенбі 17.09.2025ж	Бейсенбі 18.09.2025ж	Жұма 19.09.2025ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес,әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. «Өнегелі 15 минут» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Балаға қарапайым тапсырма беріңіз (жастығын жинау, ойыншықты орнына қою). «Сен істей аласың» деп сенім білдіріңіз. Жасаған ісі үшін мақтап, «мен сенімен мақтанамын» деп айтыңыз.				

	Тәртіп сақтаудың пайдалы екенін мысалмен түсіндіріңіз. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызды жылы күлімсіреп шығарыңыз, бұл оның күні бойы көңіл-күйін көтереді. Балаңыздың киімі ауа райына сай әрі қозғалысына ыңғайлы болсын. Таңғы асты міндетті түрде ішкізіңіз, бұл оның белсенділігін арттырады. Балаға жылы сөз бен мақтау айтып шығарыңыз. Балаға бақшаға апарарда сүйікті ойыншығын беруге болады (бейімделуге көмектеседі).				
Балалардың дербес әрекеті(аз қимылды, үстел үсті ойындары, бейнелеу әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» Гимн тыңдату,бірге орындау,жаттату Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету. <i>Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламсы</i> «Жұмсақ маталар» Жұмсақ жүн, қатты мата, тегіс жібек матаны ұстату.	«Ауыр ма, жеңіл ме?» Қолына ауыр тас, жеңіл пластик зат беріп салыстыру.	«Көлеңке мен жарық» Қолшам жарығын қабырғаға түсіріп, көлеңкемен ойнау.	«Түсті шарлар» Әр балаға әртүрлі түсті шар беріп, түсін атап көрсету.	«Жанбыр тамшылары» Тәрбиеші алақанға су тамызады, бала сезеді.

Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Қолдарын жайып, «құстар ұшты» дейді. «Ағаш» сияқты тік тұрады. Орнында жеңіл жүгіріп, «жаңбырдан қашады». Мақсаты: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы №3 кешен 1. «Сағаттар» ойыны: Б.қ.: Б.қ.: аяқтың арасы сәл ашық, қол екі жанында, бос, түсірулі. Орындалуы: Қолды алға-артқа сермеу – «тақ-тұқ» Қайталануы: 4 рет 2. «Терезе» ойыны: Б.қ.: Аяқ параллель, қол төменде Орындалуы: Алға еңкею, тізеге қолын тигізу, басын бұрып оңға-солға қарау «терезеге қараймыз», тіктелу. Қайталануы: 4-5 рет 3. «Доп» ойыны: Б.қ.: еркін Орындалуы: бір орында секіру Қайталануы: 6-8 рет, жүрумен алмастыру.
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Бата беру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері

	Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру. Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Мектепке дейінгі ұйымының кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет	Дене тәрбиесі «Бірге жүреміз» – ЖДЖ: қолды созу, саусақ жаттығулары. – Негізгі қимылдар: педагог артынан жүру, жұптасып жүру. – Ұлттық ойын: «Арқан тартыс» (жеңілдетілген, қысқа арқанмен). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: киініп-шешіну тәртібі. – Спорттық жаттығу: велосипедпен жүру. Музыка «Домбыра үні» Музыка тыңдау: Домбыраның жай әуені (аспап үні). Ән айту: Қарапайым «Лә-лә-лә», «На-на-на» (домбыраға қосылып айту). Қимыл: Шапалақтау, аяқпен жеңіл тарсылдату.		Дене тәрбиесі «Жүгіріп ойнаймыз» – ЖДЖ: қолды көтеру, бүгіп-жазу. – Негізгі қимылдар: бірқалыпты жүгіру, шашырап жүгіру. – Ұлттық ойын: «Қаз-қаз, қаңқылда» (қаздар сияқты жүріп, қимылдау). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: нанды үгітпеу, тамақты дұрыс жеу. – Спорттық жаттығу: рөлді өздігінен басқару.	Дене тәрбиесі «Доппен ойын» – ЖДЖ: бұрылу, шапалақтау. – Негізгі қимылдар: допты домалату. – Ұлттық ойын: «Алтын сақа» (допты кезекпен домалату). – Мәдени-гигиеналық дағдылар: жуыну тәртібі. – Спорттық жаттығу: велосипедтен түсу.	

	Ұлттық құндылық: Домбыраны көрсету, «Қазақтың ұлттық аспабы – домбыра» деп айту.				
	«Менің қуыршағым» Тіл дамыту және көркем әдебиет Қуыршақ сөзін үйрену, ойыншықтың түсін атау Қуыршақ туралы тақпақ тыңдау Сенсорика Үлкен қуыршақ пен кішкентай қуыршақты салыстыру Құрастыру Текшеден қуыршаққа орындық жасау Қоршаған әлеммен таныстыру Қуыршаққа қамқорлық жасауды үйрету	«Менің аюым» Тіл дамыту және көркем әдебиет Аю сөзін айту, дыбысын салып үйрену Аю мен балалар қысқа ертегі Сенсорика Жұмсақ ойыншық пен қатты ойыншықты ажырату Құрастыру Конструктордан аюға үйшік жасау	«Менің көлігім» Тіл дамыту және көркем әдебиет Машина сөзін айту, жүреді – тоқтайды әрекеттерін үйрету Кішкентай машина тақпағы Сенсорика Қызыл, көк машиналарды түстеріне қарай топтау Құрастыру Текшеден гараж жасау Қоршаған әлеммен таныстыру Жолда жүру тәртібі туралы қарапайым түсінік беру	Тіл дамыту және көркем әдебиет Доп сөзін үйрету, домалады әрекетін айту Доп туралы өлең тыңдау Сенсорика Үлкен және кішкентай допты ажырату Құрастыру Конструктордан допка арналған қорап жасау Қоршаған әлеммен таныстыру Достарымен допты бөлісуді үйрету	«Менің сүйікті ойыншығым» Тіл дамыту және көркем әдебиет Баланың өз сүйікті ойыншығының атын айтуға ынталандыру Ойыншықтар мерекесі әңгімесі Сенсорика Жұмсақ – қатты, үлкен – кіші ойыншықтарды топтау Құрастыру Барлық ойыншықтарға арналған үйшік жасау
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы аспен таныстыру. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				

Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру	
Серуен	Серуен № 5 Көшедегі машиналарды бақылау. Мақсаты: Көшедегі машиналардың жүрісін бақылау. Олардың түрлерімен таныстыру. Машина адам үшін , уақытын үнемдейтіндігімен түсіндіру. Машинаға қарсы жүгірмеу, көше тәртібін құрыс сақтап жүруге үйрету. Еңбек : Ағаш түптерін қопсыту, су құю. Мақсаты: Табиғатты аялай білуге, өсімдіктерге қамқор болуға үйрету. Жеке жұмыс: « Алтын күз » тақырыбына сурет бойынша әңгімелесу Мақсаты: Балаларды сурет бойынша әңгіме құрауға дағдыландыру; тілдің грамматикалық құралуын одан әрі дамыту және сөздік қоян молайту. Қимылдық ойын: « Ақ қояным » Мақсаты: Балаларға әртүрлі қимылдар жасату арқылы денелерін ширату, көңілдерін көтеру. Қимылдық ойын: « Ұшты-ұшты » Ойын барысы: « Осы кезде ұшты-ұшты қазан ұшты, ұшты-ұшты қабан ұшты » ,- дейді. Осы кезде ұшпайтын нәресеге қолын көтерген кісі айыпты болып есептеледі. Ұшатын және ұшпайтын нәрселер жұртты жаңылту мақсатында әдейі арба- қарға, үйрек-бүйрек, кептер- кепсер, көже- шөже, іркіт- бүркіт болып айтылады. Есек ұшты, есік ұшты, етік ұшты, бесік	Серуен № 6 Құстардың күзгі тіршілігін бақылау. Мақсаты: Құстардың күзгі тіршілігін қадағалай отырып, кейбіреуінің жылы жаққа ұшып кететіндігі, ал кейбіреуінің қыстап қалатындығы туралы түсінік беру . Еңбек : « Біздің ойыншықтар » . Мақсаты: Ойыншықтарын ұқыптап таза ұстауға, мұқияттылыққа үйрету. Жеке жұмыс: Тақпақ: « Құстар қайтып барады » . Мақсаты: Балаларға тақпақ жаттату арқылы сөздік қорларын молайту, дыбыстарды дұрыс айта білуге үйрету. Қазан толы Дәулет қорын қалады. Заңғар көкке жол сызып, Құстар қайтып барады. Қимылдық ойын: «Тордан қашу» Мақсаты: Жүгіру, секіру дағдыларын жетілдіру. Шарты: Бір бала «қасқыр», қалғандары «қоян». «Қояндар» белгіленген алаңнан шығып кетпеуі керек, «қасқыр» оларды ұстауға тырысады. Дербес ойындар: 1. Тығылыспақ 2. Әткеншек тебу.

	ұшты деп ұзақ айтылып келіп, шөмеле ұшты, бөдене ұшты деп жаңылыстыруға болады. Дербес ойындар: « Тәтті тоқаштар » пісірейік « Мені қуып жет » .	
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы: <i>Суым, суым, суым-ай</i> <i>Бетімді менің жудың-ай</i> <i>Алмадай бетім қызарды</i> <i>Таза болдым шіркін-ай.</i> Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу.Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Бата беру Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы,дамытушы білім беру ортасын құру. «Адал азамат» біртұтас тәрбие бағдарламасы	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)	

Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту. (тазалыққа баулу).				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Қаржылық сауаттылық «Дүкен» сюжеттік-рөлдік ойыны Мақсаты: Балаларды сатып алу және сату әрекеттерімен таныстыру; Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен қағазға нүкте салу. Мүсіндеу: ермексазды қысу, уқалау. Жапсыру: дайын дөңгелекке қағаз қиындыларын қою. Құрастыру: ірі бөлшектерден шағын пішін құрастыру.	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Ана гүлді жақсы көреді» сюжетін көрсету. Ата-аналарын сыйлауға баулу. Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен гүлдің ортасын бояу. Мүсіндеу: домалақ пішін жасау. Жапсыру: гүлге жапырақ жапсыру. Құрастыру: гүлді ірі бөлшектерден құрастыру.	Қаржылық сауаттылық «Қажетті затты таңда» жаттығуы Мақсаты алаларды күнделікті мірде қажетті және ажет емес заттарды жыратуға үйрету, ұрыс таңдау жасауға аулу. Ойлау, салыстыру және шешім қабылдау абилеттерін дамыту. Шығармашылық дағды (кіріктірілген) Сурет салу: алақан ізін түсіру. Мүсіндеу: ермексазды созу. Жапсыру: жүрек пішініне қағаз жапсыру. Құрастыру: шағын үй құрастыру. Зерттеу: «Сиқырлы құм» Эксперименттерді қолдана отырып, балаларды ғылыми-зерттеу жұмыстары	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Ана көмектеседі» әрекетін көрсету. Шығармашылық дағды (кіріктірілген) Сурет салу: үйге нүкте салу. Мүсіндеу: домалақ, сопақ жасау. Жапсыру: терезе жапсыру. Құрастыру: текшелерден үй құрастыру. Сюжетті рөлді ойын: Ойыншық дүкені Мақсаты: Дүкендегі ережелерімен таныстыру; Дүкеншімен қарым-қатынасқа түсуге үйрету; Дүкенші мен баланың арасындағы қарым-қатынасы кезінде баланың өзінің сөйлеуіне мүмкіндік беру. Қаржылық сауаттылық	Қаржылық сауаттылық Менің сатып алуым» ойыны Мақсаты Балаларды қаржылық сауаттылыққа баулу, сатып алу кезінде қажеттілік пен қалауды ажырата білуге үйрету. Ақшаны дұрыс пайдалану, зат таңдау және шешім қабылдау дағдыларын дамыту. Шығармашылық дағды (кіріктірілген) Сурет салу: саусақпен бояу. Мүсіндеу: ермексаздан әшекей жасау. Құрастыру: сыйлық қорап құрастыру.

			арқылы құмның қасиеттерімен таныстыру (сусымалы, борпылдақ, дымқыл құмнан мүсіндеуге болады, құрғақ құмнан мүсіндеуге болмайды).		
Балалармен жеке жұмыс	Сөйлеуді дамыту «А-а-а», «У-у-у» дыбыстық жаттығулар Үрлеу жаттығуы (мақта үрлеу) Суреттен 1 таныс затты табу («Бұл не?»)	Сенсорика Қызыл және көк түсті ажырату Үлкен–кіші доптарды салыстыру «Біреу – көп» ойыны	Көркем әдебиет Қысқа ертегі тыңдау Ойыншықпен мазмұнын көрсету «Бұл кім?» сұрағына жауап беру	Бейнелеу әрекеті Құмға саусақпен сызық салу Дөңгелекті толықтыру Түсті таңдау	Құрастыру Кубиктен мұнара жасау Үлгі бойынша құрастыру «Жоғары-төмен» ұғымын бекіту
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	№1. Ауа райына бақылау жасау Ойын атауы: Күн шықты Шарты: «Күн шықты» дегенде балалар	№1. Ауа райына бақылау жасау Ойын атауы: Жаңбыр тамды Шарты: Балалар саусақтарымен жерді	№1. Ауа райына бақылау жасау Ойын атауы: Құстар ұшады Шарты: Балалар қолдарын жайып, жеңіл жүгіріп жүреді.	№2. Күнге бақылау жасау Ойын атауы: Гүлдер өседі Шарты: Балалар отырып тұрады. «Өсті» дегенде тұрып, қолдарын жоғары	№2. Күнге бақылау жасау Ойын атауы: Жел соқты Шарты: Балалар қолдарын жан-жаққа жай қозғалтады.

	қолдарын жоғары көтереді, «Күн тығылды» дегенде қолдарын түсіреді.	жай тықылдатады. «Жаңбыр тоқтады» дегенде қимылды тоқтатады.	«Қонды» дегенде отырып қалады.	көтереді.	«Жел басылды» дегенде тоқтайды.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут Баланы балабақшаға асықтырмай, сабырлы түрде дайындаңыз. Жылы сөз – сенімділік береді. Балаңызбен бірге қарапайым жануар қимылдарын қайталап, қимыл белсенділігін арттырыңыз. Ұйықтар алдында тыныш ойын немесе кітап оқу әдетін қалыптастырыңыз. Баланың өздігінен киінуіне мүмкіндік беріңіз – дербестігі артады.				

Мексесі: Фердаулетова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 2-апта

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Ақбота» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 09.03-13.03.2026 жыл

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Апта дәйек сөзі: «Отан-бізге ортақ үй!» мақал-мәтелдер, тақпақтар, суреттер, видео роликтер көрсету

Тәрбиешілер: Ж.Б Кәмалова

А.А Ерменова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 09.03.2026 ж	Сейсенбі 10.03.2026 ж	Сәрсенбі 11.03.2026 ж	Бейсенбі 12.03.2026ж	Жұма 13.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз.				

	Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				
Балалардың әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)		Т/ж/ойын: « Ою орнектер» Балалардың ою орнек туралы сөз қорын молайту, Адал азамат бір тұтас тәрбие	Суретпен әңгіме:«Ұлттық аспаптар» балалармен ұлттық аспаптар туралы әңгімелесу. Коммуникативтік дағдылар, Адал азамат бір тұтас тәрбие	Ойын – жаттығу: «Биік-аласа, тар-кең»; Альбомдар,сюжетті картиналар қарастыру, Ірі құрылыс материалда рымен ойындар. Танымдық дағдылар	Еркінді ойын: Қояндар секіреді». Қос аяқпен секіруге үйрету, ептілікке, шапшаңдыққа, шыдамдылыққа, төзімділікке баулу Дене тәрбиесі
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Картотека № 5 «Кішкентай торғайлар» Б.қ. тік тұру, аяқ алшак; 1-4 қолды екі жанға созу, жоғары төмен сермеу; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. –т.с. 1-2 басты оңға ,солға бұру; 3-4 б.қ. келу; Б.қ.- т.с. 1-4 отырып саусақпен тізе үстінен тықылдату; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. –т.с. 1-4 қолды артқа созып енкею; 5-6 б.қ. Б.қ. ішпен жату; 1-4 бір қырынмен жату, арқаға , ішке; Шашырап жүгіру; Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат бір тұтас тәрбие бағдарламасы				

Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жемдерін өз бетімен тұру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамактанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет			Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығу Шалқасынан аяқ көтеру Іш және аяқ бұлшық еттерін дамыту, дене төзімділігін арттыру. Орындау тәртібі: Балалар төсенішке шалқасынан жатады. Қол дене бойында болады. Екі аяқты бірге жоғары көтеріп, баяу түсіреді. 3–4 рет қайталайды. Назар аудару: Аяқты түзу ұстауға, қимылды асықпай орындауға үйрету.	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығу Өкшеге отырып-тұру Аяқ бұлшық еттерін нығайту, тепе-теңдік сақтау қабілетін дамыту. Орындау тәртібі: Балалар тізерлеп тұрады. Баяу өкшесіне отырады. Қайтадан бастапқы қалыпқа тұрады. 3–4 рет қайталайды. Назар аудару: Арқаны тік ұстауға, қимылды асықпай	

			Негізгі қимыл Допты астынан домалату Қол қозғалысын үйлестіру, бағытты сезіну. Орындау тәртібі: Алдын ала орындық, доға немесе кедергі қойылады. Бала допты екі қолымен ұстап, заттың астынан домалатады. Кезекпен орындау. 3–4 рет қайталау. Қимылды ойын – «Мысық пен тышқан» Ойын шарты: Балалар шеңбер жасап тұрады. Бір бала – «мысық», бір бала – «тышқан». «Тышқан» шеңбер ішінде жүгіреді. «Мысық» оны ұстауға тырысады. Қалған балалар қол ұстасып, шеңберді сақтайды. Ұсталғаннан кейін рөлдер ауысады. Жылдамдық пен ептілікті дамыту Топпен әрекет етуге үйрету	орындауға үйрету. Негізгі қимыл Допты бір-біріне беру Қол қозғалысын үйлестіру, ұжыммен әрекет етуге үйрету. Орындау тәртібі: Балалар шеңбер жасап тұрады немесе отырады. Допты екі қолмен көршісіне береді. Қимылды баяу бастап, кейін жылдамдатуға болады. 4–5 рет қайталанады. Қимылды ойын – «Қояндар секіреді» Ойын шарты: Балалар «қоян» болып, екі аяқпен секіреді. Тәрбиеші: «Қояндар секіреді!» дегенде балалар алаңда еркін секіреді. «Қояндар тығылды!» деген белгіде балалар отырып қалады немесе белгіленген жерге жиналады.	
--	--	--	---	---	--

			Қимыл белсенділігін арттыру		
		«КҮН ШЫҚТЫ КӨКТЕМ КЕЛДІ» Коммуникативтік дағды тіл дамыту Педагог «күн», «жарық» сөздерін айтады. Балалар күнді көрсетеді, «а-а» дыбысын шығарады. Көркем әдебиет Көктем туралы қысқа әуен немесе тақпақ тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға сары және ақ дөңгелектер беріледі. Балалар дөңгелектерді ұстап көреді. Сары дөңгелекті көтеріп көрсетуге ынталандырылады Бір күн көп күн	«ҚАР ЕРІДІ» Коммуникативтік дағды тіл дамыту «Там-там» дыбысына еліктеу. Қолмен төмен қарай қимыл жасау. Көркем әдебиет Қар туралы қысқа өлеңді тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға ақ және көк маталар беріледі. Матаны қолмен ұстап, сипап көреді. Ақ матаны үстелге, көк матаны жанына қояды. Көп қар аз қар ұғымы көрсетіледі.	«КӨКТЕМ ГҮЛІ» Коммуникативтік дағды тіл дамыту Педагог «гүл», «әдемі» сөздерін айтады. Балалар гүлді көрсетеді, иіскеу қимылын жасайды. Көркем әдебиет Көктем гүлі туралы қысқа тақпақты тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға әр түсті көктем гүлдері ұсынылады. Балалар гүлді қолымен ұстап, сипап көреді. Үлкен гүл мен кіші гүлді қатар қойып салыстырады. Бір гүлді таңдап алып, ұстап тұрады.	«КӨКТЕМ ҚУАНЫШЫ» Коммуникативтік дағды тіл дамыту Қуаныш дыбыстарын шығару. Қол шапалақтау. Көркем әдебиет Көктемге арналған ән әуенін тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға көктемге тән заттар ұсынылады (күн, гүл, шөп). Балалар бір затты таңдап алады. Заттың түсін, көлемін ұстап көру арқылы ажыратады.

		ұғымы көрсетіледі.			
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы аспен таныстыру. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	№3. Желге бақылау жасау Бақылау Көктемгі жел құбылмалы. Егер солтүстіктен соқса өткір және суық болады. Мұндай желді көктемгі дауыл әкеледі, ағаштарды сықырлатып шайқалтады, терезеге қар соқтырады. Оңтүстік жел жылы леппен және ауа райын өзгертіп, жаңбыр жаудырады. Балалардың көктем мезгіліндегі құбылыстар жайында білімдерін кеңейту, желдің аспандағы бұлттарға олардың қозғалысына әсерін тигізетінін айту. Қимылды ойын: «Дыбысты тап» – Дыбыс шыққан жакқа жүру. Еңбек іс-әрекеті Қажеттілік бойынша жұмыс Балаларға топыраққа су құю барысында мұқият болуды, өз еңбегінің қажеттілігін түсіне білуге үйрету. Өсімдікті күту барысында тыңғылықты жұмыс		№4. Аспанға бақылау жасау. Бақылау Балалардың көктемгі аспанға назар аударуларын талап ету. Аспанның қыста қандай болатынын, қазіргі кезі қандай екенін нақтылау. (Қыста аспан-сұр, ал қазір -көкшіл) Бақылау барысында көркем сөзді қолдануды үйрету. Қимылды ойын «Қазым, қазым қаңқылда!» Ойын шартына сай түрлі қимылдар жасауға үйрету. Балалардың ойында қырағылық, шапшаңдық таныта білдіруіне назар аудару. Еңбек іс-әрекеті Тұқымды қарашірікке отырғызу. Топырақты жәшіктерге өз беттерімен салуды үйрету, оған тұқым себу. Құралдарға деген ұқыптылықты тәрбиелеу. Балалардың жыл мезгілі туралы білімін тиянақтау-		

	атқара білуге тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Жақсы, жаман» Табиғатта болып жатқан құбылыстардың жақсы және қарама-қайшы тұстарын көре білуге үйрету. Өлі табиғат пен тірі табиғаттың бір-бірімен байланысын; ойлау қабілетін, сөздік қорын дамыту. (Балаларға желдің әсерінен болған жағымды-жағымсыз жағдайды айта білуді ұсыну). Өзіндік іс-әрекет Көңілді тыныш сәтті қолдауды қарастырып, өзіндік жұмысты мадақтау	көктем табиғаттағы өзгеріс. Өсімдіктер мен жануарлардың көктемде бояуы қанық болатынын түсіндіру. Байланыстыра сөйлеуді дамыту. Өзіндік іс-әрекет Дәлізде ойынға, оқу іс-әрекетіне қолайлы жағдай туғызу. Ауа райының жағымды тәртіп дағдыларын қалыптастыру.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту)	

	Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүртут (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру.Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету,балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті		Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Күн жылытады» алақанды жайып көрсету. Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен сары бояумен нүктелер салу. Мүсіндеу: ермексазды домалақтау (күн). Жапсыру: күн сәулелерін жапсыру. Құрастыру: дөңгелек пішін	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Қар еріді» су аққан қимылды көрсету. Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен көк іздер салу. Мүсіндеу: ермексазды жайып, басу. Жапсыру: тамшы пішіндерін жапсыру. Құрастыру: тамшыны ірі бөлшектерден құрастыру. Зерттеу: «Жұмыртқаның тұзды суда қалқуы» Мақсаты: Эксперименттік жұмыс балалардың	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Гүлді жұлмаймыз, қараймыз» қимылмен көрсету видеороик көрсету Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен гүлдің ортасын бояу. Мүсіндеу: ермексаздан домалақ пішін жасау. Жапсыру: гүл жапырақтарын жапсыру. Құрастыру: гүлді ірі бөлшектерден құрастыру. Қаржылық	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Көктем келді» видео көрсету Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен түрлі түсті іздер салу. Мүсіндеу: ермексаздан көктем бейнесі. Жапсыру: ортақ көктем панносын жасау. Құрастыру: көктем бұрышын құрастыру. Сюжетті – рөлді

		құрастыру.	қызығушылығын арттырып, бақылау, ойлау және зерттеу дағдыларын дамытуға мүмкіндік берді.	сауатылық Ақшаны сана» идактикалық ойыны Мақсаты: Тиын мен қағаз ақшаның айырмашылығын түсіндіру	ойын. «Дәмхана» Мақсаты: Дәмханадағы ережелермен таныстыру. Қарым-қатынасқа түсуге және сыпайылыққа үйрету. Балалардың толық сөйлеуіне мүмкіндік бару.
Балалармен жеке жұмыс		Сөйлеу және есту қабілеті Дыбысты қайталау («ма-ма», «па-па») Қарапайым сұрақтарға жауап Сурет бойынша 2 сөзбен айту	Мүсіндеу Ермексаздан домалақ жасау Қуыршаққа білезік жасау Ұқсастықты табу	Әлеуметтік-эмоционалдық даму Қуыршақты жұбату ойыны «Рахмет айт» жаттығуы Ата-анасы туралы әңгіме	Сенсорика Дөңгелек және шаршыны ажырату Үлкен-кіші текшелерді салыстыру Заттарды түстері бойынша топтау
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру.				
Серуен		№3. Желге бақылау жасау	№3. Желге бақылау жасау	№4. Аспанға бақылау жасау.	№4. Аспанға бақылау жасау.

		Ойын атауы: <i>Жел соқты</i> Шарты: Балалар қолдарын жан-жаққа жай қозғалтады. «Жел басылды» дегенде тоқтайды.	Ойын атауы: <i>Күнге қарай</i> Шарты: Балалар күнге қарай қол созады, тәрбиеші айтқанда қолдарын түсіреді.	Ойын атауы: <i>Су ағады</i> Шарты: Балалар бір қатармен баяу жүреді. «Су тоқтады» дегенде тоқтайды.	Ойын атауы: <i>Құстар келді</i> Шарты: Балалар алаңға жүгіріп шығады. «Ұяға» дегенде бір жерге жиналады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут Отбасылық әңгіме барысында жақсы қасиеттер туралы сөйлесіңіз. Ұйқы режимін сақтауға көңіл бөліңіз. Күннің қалай өткенін сұрап, баланы тыңдаңыз. Гаджет уақытын шектеп, бірлескен ойын ұйымдастырыңыз.				

Мексерегі: Бердигиевта

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 3-апта

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Ақбота» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 16.03-20.03.2026 жыл

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Апта дәйек сөзі: «Мен-Қазақстанның баласымын!» мақал-мәтелдер, тақпақтар, суреттер, видео роликтер көрсету.

Тәрбиешілер: Ж.Б Кәмалова

А.А Ерменова

Күн тәртібінің үлгісі	Дүйсенбі 16.03.2026 ж	Сейсенбі 17.03.2026 ж	Сәрсенбі 18.03.2026 ж	Бейсенбі 19.03.2026ж	Жұма 20.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұскалар ұсыныңыз.				

Балалардың әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)	«Менің Қазақстаным» гимн тыңдату,бірге орындау, жаттату. Гимн орындалғанда қолды жүрек тұсына қою, тік тұру, тыныштық сақтау дағдыларын бекіту. Гимн кезінде балалардың бір-біріне ескерту жасауы емес, үлгі көрсету арқылы тәртіпке үйрету «Көктемгі ағаштар» Балалар көктем мезгілі туралы түсіне отырып, дәстүрден тыс сурет салудың әдіс-тәсілімен, мақта таяқшасы арқылы ағаштарға бүршік салады Шығармашылық дағдылар	Оюланған кесе Қазақтың ұлттық ою-өрнектерімен таныса отырып, кесеге ою жапсырады Шығармашылық дағдылар,бір тұтас тәрбие	Өткен сөздерді пысықтау, логикалық ойлау қабілетін дамыту.Мысалы: «Ойыншықтар». Балалар: доп, аю, қоян, зырылдауық т.б Коммуникативтік дағдылар	«Мысық» саусақпен ойын Пеш үстінде мысық отыр, Аздап көзін қысып отыр. Сүт ішкісі кеп , Тісі оның қышып отыр Коммуникативтік дағдылар	Жануарлар әлемі туралы бастапқы түсініктерді қалыптастыру. Табиғат құбылыстарына қызығушылық таныту. Аулаға ұшып келетін құстарды (торғай, көгершін, қарға)
---	---	---	--	---	--

Ертеңгілік жаттығу	Наурыз айына арналған таңертеңгі жаттығулар кешені Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау.Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Картотека № 9 «Орындықта доппен жаттығу» Б.қ. орындықта отырып, допты тізе үстіне қою; 1-2 допты жоғары көтеру, иілу; 3-4 б.қ. келу; Б.қ. қолды созып , допты алға ұстау; 1-2 оңға, солға бұрылу; 3-4 б.қ. Б.қ. 1-2 алға еңкейіп ,допты еденге тигізу; 3-4 б.қ. Б.қ. доп тізе үстінде; 1-4 аяқты көтеріп , допты тізе үстімен домалату; 5-6 б.қ. Доппен секіру. Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша	Дене тәрбиесі Жалпы дамыту		Дене тәрбиесі	Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы	

ұйымдастырылған іс-әрекет	жұмысы Жаттығуларды өздігінен орындауға ынталандыру Балалардың дербестігін, сенімділігін және қимыл белсенділігін дамыту. Бұрын үйренген жаттығуларды (қол көтеру, иық айналдыру, тізе бүгу, секіру) балалар өз бетінше орындайды. Тәрбиеші тек бағыт беріп, мадақтайды. Әр жаттығу 3–4 рет қайталанады. Негізгі қимылдар Модульге сенімді өрмелеу Күшті, тепе-теңдікті және батылдықты дамыту. Балалар жұмсақ модульге өздігінен өрмелеп шығады.		Жалпы дамытушы жаттығулар Иық жаттығулары Иық буындарының икемділігін арттыру, жоғарғы дене бөлігін дамыту. Жаттығулар түрлері: Иықты айналдыру Қолды иыққа қою. Иықты алға 4 рет, артқа 4 рет айналдыру. Қолды жанға созып айналдыру Қолды екі жаққа созып, шағын шеңбер жасау. 4–6 рет қайталау. Қолды жоғары көтеріп-түсіру Дем алғанда жоғары көтеру, дем шығарғанда түсіру. 3–4 рет орындау. Негізгі қимыл Допты жоғары лақтыруға талпыныс Қол күшін, көз мөлшерін және үйлесімділікті дамыту. Орындау тәртібі: Бала допты екі қолмен ұстайды.	жаттығу Тізерлеп отыру Аяқ бұлшық еттерін нығайту, тепе-теңдікті сақтау қабілетін дамыту. Орындау тәртібі: Балалар тізерлеп тұрады. Баяу өкшесіне отырып, қайта тұрады. Қимыл асықпай орындалады. 3–4 рет қайталанады. Негізгі қимыл Допты зат астынан домалату Қол қозғалысын үйлестіру, бағытты сезіну. Орындау тәртібі: Орындық, доға немесе кедергі қойылады. Бала допты екі қолымен ұстап, заттың астынан домалатады. Кезекпен орындау. 3–4 рет қайталау. Қимылды ойын – «Жаңбыр жауды» Ойын шарты: «Күн ашық!» дегенде балалар алаңда еркін жүреді немесе жеңіл жүгіріп ойнайды.	
---	--	--	--	--	--

	Қауіпсіздік сақталады. Тәрбиеші бақылап, қолдау көрсетеді. 2. Допты 1–1,5 м қашықтыққа домалату Қол қозғалысын үйлестіру, бағытты сезіну. Балалар бір-бірінен 1–1,5 метр қашықтықта тұрады. Допты екі қолмен жер арқылы домалатады. 4–5 рет қайталанады. Қимылды ойын – «Аю мен қоян» Ойын шарты: Бір бала – «аю», қалғандары – «қояндар». Қояндар алаңда секіріп жүреді. «Аю оянды!» деген белгіде аю қояндарды ұстауға тырысады. Ұсталған бала аюға айналады		Жоғары қарай лақтыруға әрекет жасайды. Допты ұстап алуға тырысады немесе жерге түскеннен кейін алады. 3–4 рет қайталанады. Назар аудару: Қауіпсіз арақашықтық сақтау, допты бетке бағыттамау. Қимылды ойын – «Ұшты-ұшты» Ойын шарты: Тәрбиеші: «Ұшты-ұшты, торғай ұшты!» – балалар қолдарын көтереді. Ал «Ұшты-ұшты, сиыр ұшты!» десе – қол көтермеу керек. Кім қателесе, ойыннан уақытша шығады немесе шағын тапсырма орындайды.	«Жаңбыр жауды!» деген белгіде балалар тоқтап, басын қолымен жауып немесе белгіленген орынға жиналады. Ойын бірнеше рет қайталанады.	
--	---	--	--	---	--

	немесе ойын қайта басталады. Музыка Музыка тыңдау Жеңіл, әуезді әуен тыңдатылады. Құстар суреті көрсетіледі. Балалар музыка жеңіл екенін анықтайды. Музыканы есте сақтау үшін қайта тыңдау. Ән айту «Құстар ұшты» әні. Қайырмасын бірге айтуға ынталандыру. Сөз тіркесінің соңын бірге аяқтау. Ән 2–3 рет қайталанады. Музыкалық-ырғақтық қозғалыстар Сюжетті ойын: «Құстар ұшады» 1-эпизод: Музыка басталады – қолды қанатша қағу. 2-эпизод: Музыка				
--	---	--	--	--	--

	баяулайды – қону. 3-эпизод: Музыка тоқтайды – жем шоку (еңкею). Музыка сипатына сай қимыл беру.				
« НАУРЫЗ КЕЛДІ » Коммуникативтік дағды тіл дамыту Педагог «Наурыз», «мереке» сөздерін жай айтады. Балалар қуаныш қимылын көрсетеді, дыбысқа еліктейді. Көркем әдебиет Наурызға арналған қысқа әуен тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға түрлі түсті шарлар ұсынылады. Шарды қолмен ұстап, домалатады. Бір шарды таңдап алады. Үлкен және кіші шарды қатар	« НАУРЫЗ КӨЖЕ » Коммуникативтік дағды тіл дамыту «Аш-аш», «mmm» дыбыстарына еліктеу. Қасықпен жеу қимылын көрсету. Көркем әдебиет Наурыз көже туралы қысқа әуен тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға бос тостаған мен қасық беріледі. Қасықты ұстап, тостағанға салу әрекетін жасайды. Бір тостаған көп тостаған ұғымын көреді.	« ҰЛТТЫҚ КИІМ » Коммуникативтік дағды тіл дамыту «Киім», «әдемі» сөздерін тыңдау. Қолмен сипау, көрсету қимылы. Көркем әдебиет Ұлттық киімге байланысты қысқа тапқарты тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға түрлі түсті маталар беріледі. Матаны сипап, уқалайды. Жұмсақ матаны таңдап алады.	« ШАШУ ШАШТЫ » Коммуникативтік дағды тіл дамыту «Шашу», «па-па» дыбыстарына еліктеу. Қолмен шашу қимылын жасау. Көркем әдебиет Шашу туралы қысқа әуен тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға ұсақ және ірі дөңгелектер беріледі. Дөңгелектерді үстелге шашып көреді. Үлкенін бір жаққа, кішісін бір жаққа қояды.	« НАУРЫЗ МЕРЕКЕСІ » Коммуникативтік дағды тіл дамыту Қуаныш дыбыстарын шығару. Қол шапалақтау. Көркем әдебиет Наурызға арналған ән әуенін тыңдау. Танымдық дағды сенсорика Балаларға мерекеге тән заттар ұсынылады (шар, тостаған, гүл). Бір затты таңдап алады. Түсі мен көлемін ұстап көру арқылы ажыратады.	

	қойып салыстырады.				
Екінші таңғы ас	Екінші таңғы аспен таныстыру. Таза және ұқыпты тамақтану. Тамақтану мәденетін қалыптастыру. Асты тауысып жеуге үйрету. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	№5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Наурыз айының екінші жартысында алғашқы шоғырланған бұлттар пайда бола бастайды. Ауа райының жылуына байланысты олардың пайда болатынын түсіндіру. Қардың еруі қалай тез болса, бұлттар да сонша көбейе түседі. Олар қысты күндегідей аспанды толық баспайды. Тек шоғырланып жүреді. Осы бұлттар ұлпа мақтадай түрлі пішінде тегіс негізде болады. Шоғырланған бұлтты аспаннан көріп, қайталанбас сұлулығын байқай білуге үйрету. Шығармашылық қабылдауын дамыту. Қимылды ойын Ойын атауы: «Күн шықты» Шарты: «Күн шықты» дегенде балалар қолдарын жоғары көтереді, «Күн тығылды» дегенде қолдарын түсіреді. Ойын атауы: «Жаңбыр тамды»		№6. Қардың алғашқы еруін бақылау. Балалардың назарын қардың алғашқы еріген тұстарына аудару, неліктен барлық жерде бірдей қар кетпейді. (ең алдымен жазық жерлер мен төбелердің қары ериді, себебі ол жерге күн көзі мол түседі.) Күн сәулесі мен жарық жердің тұстары тез еритіндігі туралы балалардың түйсігіне түю. Байқампаздықты дамыту. Қимылды ойын «Жүгір-отыр-жүгір!» Белгі бойынша әрекет жасауды дамытуды жалғастыру. («Жүгір!»-балалар алаңда жүгіреді, «Отыр!»-отырады); жылдамдықты (бұйрықты тез орындау). Күнделікті белсенді қимыл әрекетті қалыптастыру. Еңбек іс-әрекеті Терезе алдындағы бақша (суару) Өз бетімен суару ережесін орындауды үйрету, топырақты қопсыту, су бүрку. Ұқыптылық пен		

	Шарты: Балалар саусақтарымен жерді жай тықылдатады. «Жаңбыр тоқтады» дегенде қимылды тоқтатады. Еңбек іс-әрекеті Ауладағы қарды тазалау. Күрекпен жұмыс істей білу, қарды үю. Оны анықталған орынға апару. Еңбекті ынтамен жасауларын қалыптастыру. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама «Бұлт неге ұқсайды?» Түрлі заттар мен жануарлардың келбетін таба білуге үйрету. Қиялын, шығармашылық қабылдауын дамыту. Өзіндік іс-әрекет Балалардың бірлескен мықты нәтижелі еңбегіне баға беріп, құптау.	еңбексүйгіштікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама. «Көктем ерекшеліктерін кім көп атайды?» Ерте түскен көктемнің ерекшеліктерін атай білуге үйрету. Сөздік қорын молайту. Тәжірибе. «Қай жердің қары тез ериді?» Табиғат құбылысының себеп-салдарын түсіндіру. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында бірігіп 2-3 рөлден тұратын ойындарды құрдастарымен бірігіп ойнау. Ойын әрекетін орындау.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).	
Түскі ас	Түскі ас алдында гигиеналық шараларды орындау : қолды дұрыс жуу, қолды дұрыс сүрту, көркем сөз қолдану, мысалы «Сылдырлайды мөлдір су, мөлдір суға қолыңды жу» Балаларды үстел басында дұрыс отыру, үстелге қойылған ыдыстар мен заттарды таныстыруды жалғастыру балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы Ыстық тағамды үрлеп, абайлап жеу. Қасықты дұрыс ұстау, ас құралдарын ауызға салмай ойнамау. Тамақты отырып, асықпай жеу. Тамақтану кезінде сөйлеспеу, тамақты шашпау. Ас ішіп болған соң ас құралдарын үстелдің шетіне қою, ауызды майлықпен сүрту. Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру	
Күндізгі ұйқы	Киім түймелерін, сырмаларын өздігінше ағытуды қалыптастыру. Киімдерін ұқыпты орындыққа іліп қоюды	

	үйрету. Өз төсек орнын тауып жатуды үйрету. Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. Бесік жырын айтып беру (өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту) Балалардың тыныш ұйықтауы үшін жайы баяу музыка тыңдау. (Музыка)				
Біртіндеп ұйқыданояту, сауықтыру шаралары	Біртіндеп ояту: Балаларды жұмсақ дауыспен, жағымды музыкамен ояту. Сауықтыру жаттығулары: Түйіршек және жұмсақ жолақшалармен жүру арқылы табан массажын жасау, жеңіл қимыл жаттығулары (денсаулықты нығайту, бұлшық етті сергіту). Өзіне-өзі қызмет ету: Киімін ретімен кию, түймелерін қадау, сырмаларын сыру, аяқ киімін дұрыс кию (ірі және ұсақ моториканы дамыту). Мәдени-гигиеналық дағдылар: Қолын сабындап жуу, құрғатып сүрту (тазалыққа баулу).				
Бесін ас	Ересектің бақылауымен бетін, қолдарын ластанған кезде және тамақтың алдында өз бетінше жуу, беті мен қолын құрғатып сүрту, ересектің көмегімен өзін ретке келтіруін қалыптастыру. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Балалардың дербес іс-әрекеті	Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру «Мерекеде қуаныш болады» қимылмен көрсету. Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен түрлі түсті нүктелер салу. Мүсіндеу: ермексазды домалақтау.	Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру «Наурызда бәрі бірге тамақтанады» көрсету. Шығармашылық дағды Сурет салу: тостағанға нүктелер салу. Мүсіндеу: домалақ пішіндер жасау (дән).	Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру «Мерекеде әдемі киінеміз» қимылмен көрсету. Шығармашылық дағды Сурет салу: киімге нүкте салу. Мүсіндеу: ермексазды созу (әшекей). Жапсыру: киімге өрнек жапсыру. Құрастыру: киім пішінін ірі	Әлеуметтік дағды қоршаған әлеммен таныстыру «Шашу қуаныш» эмоциясын көрсету. Шығармашылық дағды Сурет салу: түрлі түсті нүктелер шашу. Мүсіндеу: ұсақ домалақтар жасау. Жапсыру: шашу элементтерін жапсыру. Құрастыру: шашу салынған табақ құрастыру.	Әлеуметтік дағды қоршаған әлем «Мереке бірге» қимылмен көрсету. Шығармашылық дағды Сурет салу: саусақпен мерекелік іздер салу. Мүсіндеу: ермексаздан мереке бейнесі. Жапсыру: ортақ Наурыз панносын жасау. Құрастыру: мерекелік бұрыш құрастыру.

	Жапсыру: шар пішіндерін жапсыру. Құрастыру: шарды ірі бөлшектерден құрастыру.	Жапсыру: тостағанға дән жапсыру. Құрастыру: тостағанды ірі бөлшектерден құрастыру.	бөлшектерден құрастыру. Зерттеу: «Су жылы ма, суық па?» Мақсаты: Сезіну арқылы ажырату Құралдар: Жылы су, салқын су Барысы: Бір қолын жылы суға, бір қолын салқын суға салады «Қайсысы жылы? Қайсысы суық?» деп сұрау Қорытынды: Су әртүрлі болады	Сюжетті рөлді ойын: Тіс дәрігерінде Мақсаты: Ойын ережелерімен таныстыру; Тіс дәрігерімен қарым-қатынасқа түсуге үйрету; Тіс дәрігері мен баланың арасындағы қарым-қатынасы кезінде баланың өзінің сөйлеуіне мүмкіндік беру.	Ойын: Дүкенші. Мақсаты: Ойлау қабілеттерін дамыту. Қаржылық сауаттылық
Балалармен жеке жұмыс	Көркем әдебиет Бесік жырын тыңдау Қайталау сөздерін айту Көрнекіліксіз тыңдау	Жапсыру Қағазды жырту Бөлшектерден үй құрастыру Қарама-қарсы түстерді таңдау	Құрастыру және кеңістік «Үй», «Жол» жасау Сюжеттік ойыншықпен ойнау Қасында, үстінде ұғымдарын бекіту	Сөйлеуді дамыту Тыныс алу жаттығулары «Не істеді?» сұрағына жауап Қарапайым сюжеттік суретті сипаттау	Бейнелеу әрекеті Саусақпен бояу жағу Ересек салған суретті толықтыру Түстерді таңдау
Серуенге дайындық	Киініп-шешіну кезінде киімдерін белгілі тәртіппен киюге және шешуге жаттықтыру. Киіміндегі ұқыпсыздықты байқап, оны өз бетінше немесе ересектердің көмегімен жоюға үйретуді жалғастыру. Қатармен жұптасып жүруді, қатарды бұзбауды үйрету. Таза ауада қандай ойындар ойнайтынын балалармен жоспарлау. (тіл дамыту, өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ірі және ұсақ моториканы дамыту). Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				

Серуен	№5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Ойын атауы: Құстар ұшады Шарты: Балалар қолдарын жайып, жеңіл жүгіріп жүреді. «Қонды» дегенде отырып қалады.	№5. Шоғырланған бұлтқа бақылау жасау. Ойын атауы: Күн мен бұлт Шарты: «Күн» дегенде балалар қозғалады, «Бұлт» дегенде тоқтайды.	№6. Қардың алғашқы еруін бақылау. Ойын атауы: Жел соқты Шарты: Балалар қолдарын жан-жаққа жай қозғалтады. «Жел басылды» дегенде тоқтайды.	№6. Қардың алғашқы еруін бақылау. Ойын атауы: Қар еріді Шарты: Балалар жайлап жүреді. «Еріді» дегенде отыра қалады.	№6. Қардың алғашқы еруін бақылау. Ойын атауы: Көктем келді Шарты: Балалар қол шапалақтайды, орнында қозғалады. Тәрбиеші тоқтатқанда тынышталады.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде жылдам қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай бір-бірін итермей жүруді үйрету. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін қалыптастыру. Жұмбақтар шешу, өлеңдер, әндер жаңылтпаштар, санамақтар және т.б. жаттау (көркем әрекет, дербес ойын әрекеті).				
Балалардың үйіне қайтуы	Балаларды ата-анасына жылы қарсы алып, тапсыру. Ата-аналарға баланың күн ішіндегі көңіл-күйі, жетістігі, іс-әрекеті туралы қысқаша ақпарат беру. Балалардың жеке заттарын (киім, аяқ киім, қолөнер жұмыстары) дайындап беру. Ата-анамен бала тәрбиесіне байланысты қысқа кеңес беру. Балалардың қауіпсіздігін қадағалау (ата-анасына немесе сенімді адамға ғана тапсыру). Қоштасу дәстүрін қалыптастыру (амандасу, «сау болыңыз» деп айту) Өнегелі 15 минут Ұлттық ойындар мен дәстүрлер туралы айтып беріңіз. Отбасымен бірге ұлттық ойын ойнаңыз. Ұйқы режимін сақтауға көңіл бөліңіз.				

Мексерегі: Бердасметова

Тәрбиелеу - білім беру процесінің циклограммасы 4-апта

Білім беру ұйымы: ШҚО білім басқармасы Күршім ауданы бойынша білім бөлімінің «Күршім ауылының балабақшасы» КМҚК

Топ: «Ақбота» кіші тобы

Жоспардың құрылу кезеңі: 26.03-27.03.2026 жыл

Құндылық: Тәуелсіздік және отаншылдық

Апта дәйек сөзі: «Мен-Қазақстанның баласымын!» мақал-мәтелдер, тақпақтар, суреттер, видео роликтер көрсету.

Тәрбиешілер: Ж.Б Кәмалова

А.А Ерменова

Күн тәртібінің үлгісі				Бейсенбі 26.03.2026ж	Жұма 27.03.2026 ж
Балаларды қабылдау	Балаларды жылы қарсы алу, ата-аналарымен амандасу Балалардың сыртқы келбетін, денсаулық жағдайын бақылау (көңіл-күйі, тазалығы, дене температурасы, т.б.) Ата-аналардан баланың денсаулығы туралы қысқаша ақпарат алу Балаларды жеке-жеке ойынға бағыттау, таңғы тыныш ойындарды ұйымдастыру Әлеуметтік қарым-қатынасын дамытуға жағдай жасау (кұрдастарымен амандасу, әңгімелесу) Қауіпсіздікті қамтамасыз ету (заттарын дұрыс орнына қою, тәртіп сақтау) Қауіпсіз,жайлы дамытушы білім беру ортасын құру Қазақ халқының мәдени мұрасы домбыра күйлерін қосу Күй күмбірі				
Ата-аналармен немесе баланың басқа заңды өкілдерімен кеңес, әңгімелесу.	Ата-аналардың педагогикалық мәдениетін арттыру; әр тәрбиеленушінің отбасымен әріптестік қарым-қатынасын орнату; балаларды дамыту мен тәрбиелеу үшін отбасы мен МДҰ-ның күш-жігерін біріктіру;ата-аналардың, МДҰ тәрбиеленушілері мен педагогтерінің қарым-қатынасына оң көзқарас, ортақ мүдделер, өзара түсіністік атмосферасын құру. Ата-аналармен жұмысты ұйымдастыру Балаңызға өздігінен киінуге мүмкіндік беріңіз, аздап уақыт қалдырыңыз. Баланың таңғы асын дәруменге бай етіп дайындаңыз. Жылы тілектер айтып шығарып салыңыз, бұл сенімділік береді. Киімін өзі таңдауына мүмкіндік беріңіз, бірақ ауа райына сай нұсқалар ұсыныңыз.				

Балалардың әрекеті (аз қимылды, үстел-үсті ойындары, бейнелеу іс-әрекеті, кітаптарды қарау және басқалар)				Жыл мезгілі туралы әңгімелесу «Көктем»(сурет қарастыру) қарапайым сұрақтарға жауап беруге үйрету. Коммуникативтік дағдылар	Әңгіме құрастыру «Балабақша гүлдері» баланың сөздік қорын заттардың атауларын білдіретін сөздермен байыту. Коммуникативтік дағдылар
Ертеңгілік жаттығу	Таңғы жаттығуларды ұлттық немесе заманауи ритмді күйлердің сүйемелдеуімен орындау. Міндеті: Қозғалыс белсенділігін арттырумен қатар, күй ырғағын сезінуге, музыкалық есту қабілетін дамытуға ықпал ету. Картотека № 10 «Тышқандар» Б.қ. ішпен жатып, қолды алға тіреу; 1-4 қолды бүгіп жазу, басты оңға, солға бұру; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. 1-3- арқаға аунау; Б.қ. келу; Б.қ. арқамен жату; 1-4 қол ,аяқты бірге қимылдату; 5-6 б.қ. келу; Б.қ. отырып, қолды бүгіп кеуде алдында ұстау; 1-2- оңға бұрылып, қолды артқа тіреу; 3-4-б.қ. 5-6 –солға бұрылу; б.қ. келу; Аяқтың ұшымен шашырап жүгіру; Жалпы дамытушы жаттығулар, қимыл белсенділігі, ойын әрекеті, «Күй күмбірі» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				
Таңғы ас	Таңғы ас алдында қолдарын сумен сабындап жуу мәдениетін қалыптастыру. Жеңдерін өз бетімен түру, жуыну кезінде киімді суламау, жуыну кезінде суды шашыратпау білігін бекіту. Өз орнын тауып отыру. Үстел басында қарапайым мінез-құлық дағдыларын қалыптастыру: нанды үгітпеу, тамақты ауызды жауып шайнау, ауызды тамаққа толтырып сөйлемей. Тамақтанып болғаннан кейін алғыс айтуды үйрету, балаларға табиғи ресурстардың шектеулі екенін түсіндіру, суды, жарықты, үнемдеуге үйрету. Мәдени-гигиеналық дағдылар, өзіне-өзі қызмет ету, кезекшілердің еңбек әрекеті, «Үнемді тұтыну» Адал азамат біртұтас тәрбие бағдарламасы				

Ұйымдастырылған іс-әрекетке дайындық	Балаларды ұйымдастырылған іс-әрекетке психологиялық даярлау, құрал-жабдықтарды әзірлеу, назар аударту орындарын ұйымдастыру Балалардың танымдық, коммуникативтік, әлеуметтік, шығармашылық және дене дағдыларын жоспарға сәйкес қалыптастыру әрекеттері Қауіпсіз, жайлы дамытушы білім беру ортасын құру				
Мектепке дейінгі ұйымның кестесі бойынша ұйымдастырылған іс-әрекет				Дене тәрбиесі Жалпы дамытушы жаттығулар Барлық жаттығуларды бекіту Бұрын үйренген қимылдарды бекіту, дұрыс орындауын бақылау. Мазмұны: Қолды көтеру-түсіру Иық айналдыру Тізе бүгу Өкшеге отырып-тұру Шалқасынан аяқ көтеру Әр жаттығу 3–4 реттен орындалады. Балалардың қимылды өздігінен, дұрыс орындауына назар аударылады. Негізгі қимылдар Модульге өрмелеу, доппен әрекет Модульге өрмелеу: Балалар жұмсақ модульге өздігінен өрмелейді.	

				Қауіпсіз түсуі қадағаланады. Батылдық пен тепе-теңдік бағаланады. Доппен әрекет: Допты 1–1,5 м қашықтыққа домалату Допты жоғары немесе алға лақтыру Бір-біріне беру Қимыл дәлдігін, үйлесімділікті және сенімділікті дамыту. Қимылды ойындар (араластырып өткізу) Бұрын үйренген ойындар араластырып өткізіледі: «Аю қорбаңдайды» «Қоян секір» «Күн мен жаңбыр» «Ұшты-ұшты» Белгі бойынша әрекет ету Жылдамдық пен ептілікті дамыту Қимыл белсенділігін арттыру	
				«ҚУЫРШАҚ ЕРТЕГІСІ» Коммуникативтік дағды тіл дамыту Педагог «ертегі», «қуыршақ» сөздерін жай айтады. Балалар қуыршақты көрсетеді, дыбысқа еліктейді («а-а», «мм»).	«ОРМАНДАҒЫ ЕРТЕГІ» Коммуникативтік дағды тіл дамыту Педагог «орман», «аю», «қоян» сөздерін айтады. Балалар ойыншықты көрсетеді, дыбысқа

				Көркем әдебиет Қысқа, сөзсіз немесе өте аз сөзбен айтылатын қуыршақ ертегісін көрсету. Балалар тыңдайды, қимылды бақылайды. Танымдық дағды сенсорика Балаларға үлкен және кіші қуыршақтар ұсынылады. Қуыршақты қолмен ұстап, сипап көреді. Үлкен қуыршақты бір жаққа, кішісін бір жаққа қояды. Бір қуыршақ көп қуыршақ ұғымын көреді.	еліктейді. Көркем әдебиет Орман кейіпкерлері бар қысқа ертегіні үстел үсті театрымен көрсету. Танымдық дағды сенсорика Балаларға жұмсақ ойыншықтар (аю, қоян) беріледі. Ойыншықтарды ұстап, қысып көреді. Үлкен аю мен кіші қоянды салыстырады. Бір ойыншықты таңдап алады.
Серуенге дайындық	Көрсету бойынша киімдерін киюді, қимыл белсенділігіне жағымды эмоциялық қарым-қатынас білдіруді, бұрын игерген қимылдарды өздігінен орындауды жетілдіру. Киім шкафтарын тануды қалыптастыру өзіне-өзі қызмет ету дағдылары, ұсақ моториканы дамыту Серуен алдында және барысында қауіпсіздік ережелерін сақтау: топтан бөлінбеу, ойын алаңын дұрыс пайдалану, қауіпті заттарды ұстамау, ауызға салмау ережелеріне үйрету Тәрбиеленушілер үшін қауіпсіз, жайлы, дамытушы білім беру ортасын құру				
Серуен	№7. Жылғалар мен шалшықтарды бақылау. Бақылау Балаларда қардың еруінен пайда болатын жылға мен шалшықтар туралы түсінігін қалыптастыру. Жылғаның басталатын тұсы мен ағар жолын тауып алу. Жылғаның сыңғырлап ағуын тыңдау. Қимылды ойын «Батылдар» Жылғалар мен шалшықтардан секіріп өту, ұзындыққа секіруді үйретуді жалғастыру, дұрыс қона білу. Секіру барысында тепе-теңдікті сақтай білуге тәрбиелеу. Еңбек іс-әрекеті				

	Аула маңын қоқыстан тазарту Ұжымда еңбектене білуді қалыптастыру, жұмысты жоспарлау, бақылауды іске асыру. Ұқыптылық пен белсенділікті тәрбиелеу. Дидактикалық ойын. Тәжірибе мен сараптама <i>Тапсырма 1.</i> «Қайық қайда жүзіп барады?» Жылғаға қағаздан жасалған қайықты жіберіп, оның қайда жүзетінін бақылау. Қорытынды. Су қайықты жүргізеді, жылғаның ағысына байланысты ағады. Тәжірибе. «Батады, батпайды» Түрлі материалдан жасалған заттардың қасиетін анықтау суда бататын, батпайтын; Сараптама арқылы балалардың бір қорытындыға келе білуін үйрету. Сөздік қорын молайту. <i>Тапсырма 2.</i> Шалшықтың суын қолымен ұстап көру. Қорытынды. Су өте салқын, себебі ауа да суық. Сондықтан өсімдік қыстан кейін жаңа оянады, бірақ өспейді. Өзіндік іс-әрекет Ойын барысында балалардың бір-бірімен қарым-қатынас жасауын қадағалау. Өзге балалардың жасаған қылықтарына баға бере білу.
Серуеннен оралу	Топқа оралу кезінде қатарға тұруды дағдыландыру. Асықпай тәрбиешінің артынан жүру, жұптасып жүруді үйрету. Өз шкафтарын тану дағдысын қалыптастыру. Топта киетін аяқ киімдерін өз бетінше ауыстырып, киюін үйрету. (дербес қимыл әрекеті).
